

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ PR-БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

## МАТЕРИАЛДАРЫ

*13 қараша 2015 жыл*

## МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ PR-ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»

*13 ноября 2015 года*

## MATERIALS

of International scientific and practical conference

«ACTUAL PROBLEMS OF PR-EDUCATION IN KAZAKHSTAN»

*November 13, 2015*

Алматы 2015

**Ғылыми редактор**  
филол.ғ.д., профессор **Н.Т. Шыңғысова**

**Жауапты редактор**  
аға оқытушы **Д.Ө. Байғожина**

**Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 13 қараша 2015 жыл / Д.Ө. Байғожина. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 152 б.**

**ISBN 978-601-04-1651-2**

Жинаққа «Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жарияланды. Бұл ғылыми еңбектер жинағына Қазақстандағы медиабілім беру, медиасауаттылық, PR және журналистік білім берудің өзекті мәселелері т.б. туралы ғылыми мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

#### References:

1. www.google.ru – quote science fiction writer Stanislaw Lem.
2. Trofimov GN Language and speech RuNet metamorphosis network etiquette journalist // Problems and prospects of language education and culture formirovaniyalichnosti young journalist and philologist of the Eurasian space. – Almaty, 2006. – P.39.

Әлім Ә.А.

*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының оқытушысы*

### ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ЖУРНАЛИСТИКАҒА ЫҚПАЛЫ

Жаһандану бүгінгі таңда жиі қолданылатын ұғым. Ол дүниежүзілік экономиканың дамуына, жетілген компьютерлік технологияға, біріккен ақпараттық кеңістік құруға негізделген. Бүгінде жаңа әлемнің қоғамдық-саяси өмірінің саяси, әскери, экономикалық, мәдени және экологиялық салаларында өзіндік ерекше жағдай қалыптасып, жаңа кезеңі ретінде – жаһандану үрдісі болып есептеледі. Жаһандану ағылшын тілінің «Globalization» ұғымы – қоғамдағы әлеуметтік топтардың арасындағы айырмашылықты айқындап, адам, мәдениет, тіл, білім, рухани-адамгершілік даму, халықаралық қатынастарға әсерін тигізіп отыр [1].

Қазіргі кезде әр түрлі ғылым салаларында қызмет ететін ғалымдар мен журналистер арасында «ғаламдық зерттеулер», «жаһандық проблемалар», «ғаламдық бейбітшілік», «жаһандану» сияқты түсініктер айналасында қызу пікір – таластар жоластар емес. Зерттеушілер әлемнің қазіргі дамуы төңірегіндегі зерттеулердің ақпараттық қоғамға жол табатынын дәлелдегені қашан!

Ақпараттық технология жоғары деңгейде дамыған қоғамда «Mass Media» және «Mass communication» деген атаулардың тұрақты қолданылуы кездейсоқтық емес. Қазіргі күні әлем журналистикасының дамуын айқындайтын негізгі 4 фактор анықталған:

1. Жаһандану немесе глобализация (ықпалды қызмет атқарушысы: жаңа ақпараттық технология, интернет журналистикасы, ақпараттық қатынастың жаңа құралдары мен бағыттары);
2. Бұқарасыздандыру немесе демассовизация (дәстүрлі БАҚ-тың ақпарат қабылдаушылары азайып, олардың түрлі топтарға бөлінуі, аудитория үшін таңдау жасау мүмкіндіктері кеңейгендіктен ақпарат қабылдаушыларды мақсаттарына қарай анықтау мүмкін болмауда);
3. Орталықтандыру немесе конгломерация (БАҚ-тардың бір қолға шоғырлануы қарқын алып, бір ақпарат бірнеше арна арқылы көпке тарайтын болды);
4. Ұқсастырылуы немесе конвергенция (БАҚ атаулының өзара жақындасуы, ұқсастық табуы, тың технологияның нәтижесінде жаңасы мен дәстүрлі ақпарат құралдары арасындағы айырмашылықтардың азаюы, екеуінің де қосарлана қолданылу үрдістері).

Қазіргі кездегі қазақ медиа жүйесінде жоғарыда аталған бағыттар белгілі деңгейде көрініс тауып отыр. Қай жағынан қарынды өрістеу бағыты байқалып отырғанын анық аңғаруға болады. Жаһандану үрдісі қазақ журналистикасында қалай көрініс тауып отыр?

Бүгінде бізде БАҚ тек сан жағынан ғана өсіп отырған жоқ. Ақпарат құралдарының жаңаша түрлері де пайда болуда. Атап айтсақ, онлайн баспасөз, кабельдік телевизия, қысқа толқынды радио, смартфон немесе ұялы байланыстар арқылы ақпарат тарату, мобайлдық ақпарат қабылдауға мүмкіндік туып отыр.

Сонымен қатар, медиа жүйесі өз ішінде интернет – журналистика, із кесу журналистикасы, азаматтық журналистика, БАҚ жарнамалық насихаты, экономикалық және экологиялық журналистика, талдау журналистикасы сияқты бағыттарға бөлінетіні белгілі.

Мұның бәрі қазақ аудиториясы үшін әлемнің әр тарабынан түрлі ақпараттар қабылдауға және жеткізуге, өздерінің көзқарастары мен ой-пікірлерін интернет арқылы көпке таратуға кең мүмкіндік беріп отыр. Қысқасы, ақпарат үшін уақыт пен кеңістік ұғымына тәуелділік барынша азайды, тіпті, жоғалды деуге болады. Мысалы, телекөрсермендер кабельдік телевизияның 70-тен астам арнасы арқылы бірнеше тілде ақпарат алып отыр. Еліміздің Ақпарат комитетінде ресми тіркелген БАҚ саны 10 мыңнан әлдеқашан асып кеткен.

Қазақстанда бүгінде 9 миллионнан астам адам интернет қызметін пайдаланады. Елімізде күніне кем дегенде 25-30 мың адам электронды үкімет қызметіне жүгінеді екен. Мұның бәрі ақпараттық жаһанданудың қаншалықты жоғары қарқынмен жүріліп жатқанын айғақтайтын шынайы көрініс.

Ақпараттық сұранысты өтеудің жиілігі осыншалық тұтасып, қарқынды өсуі қазақ журналистикасына елеулі ықпал етіп отырғанын ерекше атап айту керек. Ең алдымен ерекшелік айтарымыз, таңдау мүмкіндігі мейлінше артты. Нәтижесінде, БАҚ арқылы ақпарат қабылдаушылар